

ТОРҒАЙ МАДИЯРЛАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Түйебай Гүлзада, «тарих» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор А. Күзембайұлы
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қазақта: «жеті атасын білмегеннен түңіл» деген сөз бар, олай болса бүгінгі ұрпағымызға шежіре керек. Қазақтың қайдан шыққаны, үш жүзге бөліністі ғалымдар мен жазушылардың зерттеу еңбектерінде, әдеби шығармаларында жазылып жүр. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген адам оны жақсы біледі. Ал ежелгі Торғай жерінде қандай рулар бар екенін, олардың ата – бабаларын, бүгінгі көз қарияларымыздың есінде қалғандары мен бірден – бірге көшіріп алған қолжазбаларын саралап, шежіре кітаптар шығарылды. Соның ішінде Торғай жеріндегі орта жүз, арғын, мадияр руына тоқталсам [2.129].

Арғындар қазақ тайпаларының ішіндегі ең ірілерінің бірі. 1917 жылы Мұхамеджан Тынышбаевтың жинаған мәліметі бойынша арғындардың жалпы саны 890 мың (ол кезде 1 – орында байұлы 1030 мың, 3 – орында 830 мың наймандар) деп көрсетілген. Арғындардың шығу тегі көптеген тарихшыларды қызықтырған, себебі олардың өзге тайпалардан (керей, найман, жалайыр қоңырат, қыпшақ үйсін және т.б.) өзгешелігі, XIV ғасырға дейін белгісіз болып келгендігінде. Қазіргі таңда Торғай жерінде мадиярлар әліде өмір сүріп жатыр араға жыл салып Венгриядағы қандас баурларымен ет жақын араласып тұрады. Менің тоқталайын деген негізгі мәселем, бұл – Торғайда өмір сүретін қазақ мадиярларының шежіресіне тоқталып, елге белгілі тұлғалар деген сұрақтар. Мадияр руынан шыққан елге танылған тұлғалар жөнінде ақпарат бере кетсем. Мақалада сонымен қатар, арғындардың өзінің шығу тегі жөнінде де қосымша мәселелер қарастырылады. Бұл үшін тарихнамадағы арғынның шығу тегі туралы түрлі нұсқалар салыстырыла отырып қаралады. Тарихшылар арғындардың тегін анықтауда негізінен лингвистикалық құрылымды қолданған. Арғындардың шығу тегі туралы негізгі нұсқаларға көз жүгіртсек: Мұхамеджан Тынышбаев «Материалы по истории казахского народа» атты кітабында, «қытай тарихшылары V – ғасырда «алынб», «бай – егу» халықтары туралы сөз қылған» деп жазды. Қытайлардың «р» әріпін қолданатындығы (түріктерді сондықтан тукиу деп атайды; ал оған көптеген еуропалықтар мән бермей туниуді түрік тайпаларының бірі деп ойлайды) белгілі.

«Бай» қытайша «ұлы», түрікше «ұлық». Онда «алынб» - ді «арынб» немесе «арғын» деп, ал, «бай – егу» - ді «ұлық – арғын» деп есептеуге болады ғой. Сөздердің мұндай түрленуі әлбетте мүмкін нәрсе, себебі, орхон жазуларында «ұлық – еркін» деген халық көрсетілген [1].

Мұхамеджан Тынышбаев Аристовтың ұстанымын айта отырып, былай деп жазды: «Аристов, қарлықтар мен арғындарды тіпті, ұқсастырмақ болған көрінеді, мұнысымен ол шындыққа жақын болды:

а) Оның мәліметі бойынша арғындардың құрамында (немесе басими аталатындай) қарлықтың 3 руы бар;

б) «Арғын» деген сөздің өзі қарақырғыздардың тілінде «будан» дегенді білдіреді. (қодас пен қарапайым сиырдың қоспасы осылай аталады);

в) Сонау X ғасыр тоғыз – оғыздың қыспағымен қарлықтар екі бөлікке бөлінді, батысты –XII ғасырда Бұқараның жанында көшіп – қонып жүрсе, шығысы – тек, бір рет қана, яғни, Шыңғысханның жорығы кезінде ғана айтылады. Соған қарағанда, шығыс қарлықтар өзге тайпалармен. Мүмкін «арғындармен» араласып кеткен. Біз мұнда арғындардың басмалалар және қарлықтармен этнонимдік этимологиясының ұқсастығы негізінде теңестірген әрекетті көреміз.

3. Кейбір фольклор – тарихшылар өз лингвистикалық құрылымдарында Арғындарды Арийлер мен Ғұндардың тұқымдары ретінде көрсетіп, тіпті, Арғын атауы – бұл Арий – Ғұн

этнонимдарының қысқартылған нұсқасы деп жариялады. Бұл нұсқаның қателігі тарихтан алшақ адамға көзге бірден байқалады [1].

Шағырдың некелі екі әйелі болды. Қарауыл қызынан Бегіс туады. Одан – Жалпақ, Тағышы руы тарап кетеді. Екінші әйелінен екі бала туады: Саржетім, Салмырза, Салмырза жастай қайтыс болып, ұрпақ қалмайды. Ал Саржетімнен екі бала туады: Апай, Жолдыбай, Жолдыбайдан Сүгір руы тарайды. Ал Апайдың шын аты Аглан екен дейді одан төрт бала туады: Жауғашты, Ақыпбет, Бегімбет, Шынболат. Шеру жаугершілікте он сегіз жасында қаза табады. Үйленбей кеткен екен. Ал Шетен деген баласы жаугершілікте тұтқында кетеді. Одан тараған ұрпақ болса Қарақалпақ және Маңғыстау жағында болу мүмкін. Жазушы Қойшығара Салғариннің орта жүз шежіресінде кіші жүздегі алшын руы арасында мадиярлар кездеседі деген пайымдауын ескерсек. Шешен атамыздың ұрпақтары сол жақта болуы ықтимал. Ал, Қойшығараның сары жетімнің кіші жүзде кездесетін қыпшақтың жетім руы емес недеген болжамы келінкіремейді. Мадиярлардың үлкен баласы Ақбайдың бірінші жамағатынан бір бала – Избасар туады. Екінші әйелінен үш бала – Дәулетбай. Жәмет, Бәйімбет. Избасардан – Айдар туады. Одан бес бала – Мұса, Амангүл, Шүнгір, Дүйсен, Қойшыбай. Мұсадан – Айтбай одан үш бала туады. Ақша, Бекте. Жанұзақ. Ақшадан үш бала – Бәйділде, Жұмабай, Мұқыт. Жұмабайда – Бәйеке. Одан төрт бала – Ермек, Елен, Ерғара, Есеғара. Бәйеке көп жылдар қуғындауда болған. Сталин зілматтарының зардабтары көп көрген адам. Қазір зейнеткер «қызбел» совхозында тұрады. Балалары өсіп немере сүйген зиялы қарттарымыздың бірі. Дүйсен одан – Бекек одан үш бала – Боранбай, Бейжан, Біржан. Боранбайдан – Нұржан одан – Түйебай. Одан – Асылхан, Маделхан, Ақылхан, Мейрамхан, Алихан. «Қызбел» совхозында тұрады. Бейжаннан – Шәйкемел, одан – Төлеш, Қожақ есімді балалары болған [2.129].

Венгрия елінен 1963 жылы Тибр Тот, Биро Андреш сынды ғалымдар келіп, Торғай өңіріндегі Мадиярлардың жаратылысы ол жақтағы қайсыбір кісілерге тым ұқсас екеніне көз жеткізген – ді. Жекелеген адамдардан анализ алғанда қан құрамының сәйкестігін анықтағанда және ата – мекенмен тағы да қауышқысы келетіндерін сездірген еді. Өзара етене танысу, туыстық байланыс орнату мақсатында венгрлік Мадиярлармен Қызбел ауылында кездестіру ойластырылды. Яғни 2007 жылғы шілденің 7 – ші жұлдызында кездесу болды. Қарсақ қаласы – Ұлы Қыпшақ жерінің жүрегі. Мадиярлар мен қазақтардың туыстығы туралы алғашқы пікірлер ХІХ ғасырда жергілікті газет беттерінде жариялана бастайды. 1835 жылы Шамуель Брашшайдның «Қырғыз-қазақтар» атты еңбегі жарық көреді. Кейін де мадияр ғалымдарының қазақ еліне, жеріне байланысты еңбектері жарық көре бастайды. Солардың арасында Дьердь Алмашидің есімі көзге ерекше түседі. 1900 жылы Қазақ жеріне жасаған саяхаты нәтижесінде «Азия жүрегіне саяхатым» атты еңбегі жарық көреді. Кітабында Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың өмірі, тұрмыс-салты, шаруашылығы, саудасаттығы, әдет-ғұрпы, наным- сенімдері, қолөнері, ауыз әдебиеті туралы мол мағұлмат келтіреді. ХХ ғасырда белгілі мажар ғалымы, антрополог Тибор Тот өзінің ғылыми еңбектерінде екі елдегі руларды, қазақтар мен мадиярлар (мажар) арасындағы туыстық байланыстарды жан-жақты зерттеуді бастағанымен, бұл ғылыми мұрасын саяси себептерге байланысты жалғастыра алмайды. Ал Андрош Биро мұны ғылыми дәрежеге көтереді. 2006 жылы Андроштың жетекшілігімен, Қостанай облысында қазақ-мажар бірлескен антропологиялық экспедициясы Торғай өңірінде тұратын қазақтар мен мадияр руы өкілдері арасындағы генеологиялық деректер, антропологиялық өлшемдер жасалады. ДНК үлгілері алынып, ғасырлар бойы өзгермейтін және генетикалық ақпаратты сақтайтын Y хромосомдарына талдау жүргізіледі. Нәтижесінде мажарлық мадиярлар мен қазақтардың арасындағы туыстық қатынас толығымен дәлелденеді [6, 157 б.].

Мадияр ұрпағында ел есінде қалған көптеген тұлғаларымыз солардың ішінде елімізге белгілері: Мадияр Жауғаштыұлы, Міржақып Дулатұлы, Гүлнар Міржақыпқызы, т.б.

Есімі бір тайпаның шеңберінен шығып, елдік деңгейге дәуірлене тараған, ұлтының талайы мен тағдырына таңдайға бал жаққандай таңданарлық өнеге тастап, жасын жарқылындай ағып түскен ірі тұлға Мадияр Жауғаштыұлын бүгінде еске алатын ұрпағы бар

екендігі және де ондай мүмкіндіктің тәуелсіздіктің арқасында туып отырғандығы көңілге айырықша медет. Даңты баба Қаратау бойында 1655 ж дүниеге келген. Оның ер жетіп, есейген шағы қазақ даласындағы қилы да қиын кезеңмен тұспалдас. Қалмақ ханы Сыбан – Раптан билік құрып, оңтүстік өлкемізді жаулай бастағанда, қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы қырғын соғысы осы Мадияр бабамыздан ат жалын тартып мінген кезеңіне сайма – сай келді. Жүрегінің түгі бар, ол 1712 жылға дейін ақ інілерінің батыр балалары Қарабалуан (Жанұзақ) Алдиярұлы, Жәнібек Қошқарұлы, өз балалары Ақбай, Айтқұл, Абыз, Бозды соңына ертіп басқа да қазақ қосындары қатарында жоңғарларды ел шекарасынан асыра қуып, елін – жерін қрғаған ерлерінің, дуалы ауыз билерінің болғаны тарихтан әмбеге мәлім. [6.7]

Ол 1723 жылы «Ақтабан шұбырындыда» халқын жаудан аман алып шығып, әуелі Ұлытауға қоныс аударып, одан кейін Торғай өңіріне көшіп келіп, өмірінің соңына дейін Сарықопа, Қызбел бойын тұрақты мекен етеді. 1726 жылы Ордабасыда үш жүздің бас қосқан жиынына қатысқан Мадияр Жауғаштыұлы 1735 жылы қартайып, өз ажалынан қайтыс болады. Ол кісінің денесін қасиетті Түркістанға інісінің баласы Қарабалуан Алдиярұлы апарып жерлеген. Басына белгі құлпытас қойған. Көнекөз қарттардың айтуынша, Мадиярдың көктасы 1950 жылдардың басына дейін сақталып тұрыпты. Елуінші жылдары кіші қажылық етіп Түркістанға барған молла Байқасов Әубәкір деген кісі Мадиярдың басындағы сол белгіні көріп, жазуын оқып, дұға қылып, елге көрген-білгенін нақпа-нақ айтып келгенінің куәсі болғандар жетерлік. Жетпісінші жылдарға дейін сол әңгіме желісі бір үзілмей келген-тін. Шет-пұшпағын біздің де құлағымыз шалып қалғаны бар. Мадияр бабамыз әкесі Жауғаштының үш ұлының үлкені әрі ел сыйлайтын намысшыл ағасы болғандықтан соңынан ерген бауырларына еншілерін беріп, әрқайсысы бөлек шыққаннан кейін де оларға шынайы қамқор бола білген. Бәрінің қыс қыстауы, жаз жайлауы етене боп, солардың қарашаңырағы атанып, көзінен әсте таса қылмайды екен. Бір жылы немере ағасы Баубекұлы Шағыр қайтыс болады. Шағырдың жесірі Қаратөлке асқан ақылымен көптің көзіне түскен әйел екен. Бірінші айттырған күйеуі Үсен үйленбей дүниеден өтеді де, қалың малы төленіп қойған жесірді екінші ұл Шағырға қосады. Шағырдан Жәдік, Тоқан деген екі бала қалады. Шағырдың шешесі Қаратөлкені ұлы Құлқайға қосқысы келмейді. Ал Мадияр бабамыз жеңгесінің жай адам еместігін байқап, одан батыр ұл туатынын сезіп, оны өз ауылына көшіріп алады. Әмеңгерлік заңы бойынша ел жайлауға көшіп, жер аяғы кеңіген соң той жасап, жеңгесін әйелдікке алуды жоспарлап та қояды [6.8].

Торғайдың тоқал арғындарынан алғашқы болып Түркістанда жерленген Мадияр Жауғаштыұлы екендігін ешбір шүбәсіз айта аламыз. Сондықтан Ясауи кесенесіндегі тақтаға жазылған жоғарыдағы аталарымыздың қатарында Мадияр Жауғаштыұлының аты тұруы тарихи әділеттілік болар еді. Мадияр баба туралы кейінгі ұрпағы өте аз біледі. Себебі жазба деректің болмауымен қатар, кешегі алмағайып заманда бабамыздың небір құйма құлақ шежіре ұрпақтары «халық жауы» аталып, айдалып атылды. Мадияр атын атау мен соның ұрпағымын деудің өзі қорқынышты түстей еді, сол себепті кейінгі буын жадында ештеңе қалып жарытпаған. Әрине, бұл өкінішті. Дегенмен, сағымдай бұлдырап алыстан талықсып жеткен кейбір естіп-білген деректер дәтке қуат секілді. Бұл тұста М.Дулатовтың өзінің өзекжарды өткір көсемсөздері мен мақалаларын «мадияр» деген бүркеншік атпен жазып, халықтық мүддені ұлтжандылықпен қызғыштай қорығаны аян. Бабамыз кейінгі ұрпағына он атадан әрі болмаса, беріде қыз алыспауды өсиет еткен дейді. «Әкеден – бала, немере, шөбере, шөпшек. Бұлар – үй-іші туған бауырың, бесінші мен алтыншы ұрпақ – туыс-ағайын ауылың, жетінші ұрпақ ұраны – бір қауымың, сегіз бен тоғызыншы ұрпақ – жауға бөгет қорғаның, оныншы ұрпақ – ортаймас орманың, Ұрпағыңа қорғаныңды құлатпа, орманыңды отама, біріңнен бірің он атасыз қыз алма, туысқандығыңды жоғалтпа», – деп өсиет етіпті [6.9].

Міржақып Дулатұлы – 1885 жылы, қараша айының жылы, қараша айының 25 күні, Торғай уезінің, Сарықопа болысының, үшінші ауылында, атақты шебер Дулат шаңырағында дүниеге келді. Дулат қолымен жасалған ат әбзелдерді, саптама етіктері, әйелдердің жұмсақ мәсілері бүкіл Сарыарқа әйгілі еді. Міржақыптың анасы Дәмеш қарапайым жұмсақ мінезді

еді, алайда той думандарда жан тебіренер әсем дауысы атақты әншілердің өздерін таң қалдыратын. Ақынның бала кезі Арқаның жер еркесі Қызбел өзенінің бойында өткен. Қызбел өзені шежірелі Ұлытау жерінен шығатын Дәмді, Мойынды, Сарықопа – іргелес отырған Мадияр, Өтей, шымболаттың мекендейтін жерлері. Міржақып Дулатұлы – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы – «Оян, қазақ!» деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты өлеңдер кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы—ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы «Оян, қазақ!» жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы қуғынға ұшырайды[6.93].

Өзінің шығармашылық жолын ә дегеннен өлеңнен бастаған Міржақып проза жанрына да қалам сілтейді. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы «Бақытсыз Жамал» романы Қазан қаласында басылып шықты. Бұл - қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңғыш роман еді. Кітап 1914 жылы екінші рет басылды.

Бұл жылдарында да, айтатын болсақ Міржақып бірқатар мақалалар мен фелетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын «Есеп құралы» оқулығын бастырады. «Балқия» пьесасын жазады.

М. Дулатұлының шығармалары қазақ елінің тәуелсіздік алған кезінен бастап кеңінен жариялана бастады. 1991 жылы шығармаларының бір томдық, ал 1996-1997 жылдары екі томдық жинақтары жарық көрді. М. Дулатұлы шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, бірқатар кітаптар мен мақалалар жарияланды[5, 116.]

Қазақ халқында: «жеті атасын білмеген жетесіз» деген жақсы мақал бар, олай болса бүгінгі ұрпағымызға міндетті түрде шежіремізді білу қажет. Қазіргі таңда кез келген адам көзі ашық, көкірегі ояу заманда өз шежіресін білмеу мүмкін емес. Бір рудың бүтіндей бір ата – бабалары, қайсыбіреуінің аға – інілері, шаңырақ иесі болатын ер балалары шежіреде міндетті түрде қамтылады. Қазақ халқында тарихтану дәстүрі шежіре түрінде кездеседі. Қазақ руларының шежіресі құнды тарихи дерек екенін шүбә келтірмейді. Өкініштісі қазақ мадиярлары өз шежіресін бүге, шігесіне дейін қамтыса, венгр мадиярлары шежіреге онша үлкен мән бермеген. Екі халықтың туыстығы жөнінде әліде болса көп ізденісті қажет етеді. Ендігі мақсатымыз қазақ мадиярларының шежірелік деректерін талдау. Шежіре маған дейінде жиналған екен. Менің қолыма түскені Сәрінжіп Дайырұлының «Мадияр руының шежіресі 2014 жылы Шапақ ЖШС баспасы жарыққа шығарыпты. Жалпы көлемі 158 бет. Кітап 11 тараудан тұрады». Бір өкініштісі кітапты құрастырушы мәліметті қайдан алғандығын көрсетпейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұхамеджан Тынышбаев «Материалы по истории казахского народа». Ташкент, 1925 г.
2. Михай Бенке “Тургайские мадияры” 2003 ж.
3. Жақсылық Жүнісұлы «Қостанай таңы» Венгрлік Мадиярлар еліне шақырту. 21 тамыз, 2007 ж.
4. Қайсар Ә. Мадияр Жауғаштыұлы // Қостанай таңы. 30 қазан, 2013 ж.
5. Әбсемет М. «Міржақып өмірі мен шығармашылығы», А., Кенже – Пресс, 1995 ж.
6. Дайырұлы С. «Мадияр руының шежіресі» – «Шапақ», 2014 ж.
7. Томпиев М. Тарих қойнауы //»Класс Time» газеті, № 32,5 қыркүйек, 2012 ж.
8. Түрік әлемі II Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы материалдары II т. Алматы, 20-22 мамыр, 2005 ж.

АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИИ В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ УЗБЕКИСТАНА ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ